

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Үргыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 205 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Үргыз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Tay-Ken Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, Үргыз ауданы аумағында орналасқан жалпы алаңы 45 112 гектар жер участкесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2026 жылдың 21 ақпанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Tay-Ken Самұрық" ұлттық тау-кен компаниясы" акционерлік қоғамына жер участкелерін нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды күйге келтіру және жер пайдаланушылармен жасасқан шартта шығынды өтеу бойынша міндеттерін және басқа да шарттарды анықтау ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің  
міндеттін уақытша атқарушы

С. Қонақбаев